

последним. На эту тему на казахском языке была издана еще одна книга. Известно, что книга вышла в типографии «Каримов-Хусайнов и К» в Оренбурге объемом 24 страницы, а также русский перевод ее заглавия «Древо (родословная) Адама» (Мир ему!).

За основу религиозного дастана, написанного и изданного Шади торе Жангировым в Ташкенте под заглавием «Каруннын жер жуткан уакигасы» («Повествование о том, как земля поглотила Каруна»), взят коранический рассказ о богатом скупце Каруне (библейский Корей). (29:39; 40:24). Образ Каруна в мусульманской мифологии отождествляется с Фирауном и Хаманом, тех, кто в своем мирском благополучии бросал вызов Всевышнему Аллаху. Карун является врагом и притеснителем Пророка Мусы (Мир ему!). Хотя согласно Писанию, Карун был из народа Пророка Мусы (Мир ему!) (28:76). В литературе преобладает мнение, что Карун был двоюродным братом Пророка Мусы, (Мир ему!) сыном его дяди Йасхура (библейский Ицгар) по отцовской линии. Карун злочинствовал против Пророка Мусы, (Мир ему!) похваляясь своими сокровищами,

которые были столь велики, что «ключи его отягчали толпу, обладающую силой». Сокровища Каруна вызывали зависть у других людей и, чтобы показать ничтожность земных благ в сравнении с небесными, которые надо заслужить благочестием и щедростью, Всевышний Аллах заставил землю поглотить Каруна и его жилище. «И не оказалось у него толпы, которая защитила бы его от Аллаха. И не оказался он получающим помощь» (28:81).

1. Деятель. - 1900. - № 11. - с. 540-543.
2. Деятель, 1899, № 12, с.563-564
3. НАРТ, фонд 420, оп. 1, д. 255, л. 136
4. Деятель. 1900. № 11, с. 540-543.

Мақалада қазақ фольклорындағы діни тақырыптағы шығармалардың сюжеттері мен мотивтерінің таралуымен, қазақ ауыз әдебиетіне мұсылманшылық шығармалардың ену тарихы қарастырылған.

The article traces the history of incorporation and existence of Kazakh folklore motifs and themes of the Muslim subjects about the Prophet Muhammad (May God bless him and welcomes) and his Companions (May Allah pleased with them) other stories and themes of religious subjects.

А.К. Анипина

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ «了» СУФФИКСІ МЕН МОДАЛЬДІ КӨМЕКШІ СӨЗ «了»-ДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қытай тілінде сөйлемде істің қай шақта тұрғанын білу үшін көмекші сөздер қолданылады. «了» көмекші сөзі етістіктен кейін суффикс ретінде қолданылады, сөйлем соңында модальді көмекші сөз ретінде қолданылады. Көмекші сөз «了» етістіктен кейін қойылса, істің өткен шақта болғанын білдіреді. Мысалы: 他们都来吗? 他们都来了吗?

Олардың бәрі келе ме? Олардың бәрі келді ме?

他们都来。 他们都来了。

Олардың бәрі келеді. Олардың бәрі келді.

你看几本杂志? 你看了几本杂志?

Сен қанша журнал оқисың? Сен қанша журнал оқыдың?

我看三本杂志。 看了三本杂志。

Мен үш журнал оқимын. Мен үш журнал оқыдым.

Көмекші сөз «了» сөйлемнің соңында келсе, істің өзгергендігін немесе болашақта өзгертіндігін білдіреді. Мысалы: 我想去日本留学了。

Мен Жапонияға барып оқығым келеді.

Етістіктен кейін «了» суффиксі келеді, бұндай жағдайда сөйлем өткен шақта аударылады. Бірақ, сөйлемде іс-қимылдың өткен шақта болғанын көрсету үшін, барлық жағдайда етістіктен кейін «了» суффиксі қойылмайды. Іс-қимыл қайталанып келсе немесе сөйлемде уақытты білдіретін сөз болса «了» суффиксін қолданбауға болады.

Мысалы: 以前他常常来看我。

Бұрын ол мені көруге жиі келетін.

去年他在学生宿舍住。

Өткен жылы ол студенттер жатақханасында тұрды.

Екіншіден, іс-қимыл болашақта болатынын білдірсе немесе екінші іс-қимыл басталмай жатып бітсе, осындай жағдайда келер шақта бірінші бітетін іс-қимылдан кейін «了» суффиксі қойылады.

Мысалы: 天晚上我吃了饭看电视。

Ертең мен тамақ ішіп болған соң кино көремін.

Өткен шақта болған іс-қимылдың болымсыз

түрі «没有» үстеуінің қолданылуымен жүзеге асырылады, «不» қолданылмайды. Бұл жағдайда «了» суффиксі қолданылмайды. Мысалы: 他们没有来。 我没看杂志。

Олар келмеді. Мен журнал оқымадым.

Іс-қимылдың болашақта бітетінін көрсету үшін 要, 就要, 得, 该, 可以 үстеулерімен қатар сөйлем соңында «了» модальді көмекші сөзі қойылады.

Мысалы: 明天就要开学了。 Ертең сабақ басталады.

要下雨了。 Жаңбыр жауайын деп тұр.

我该回家了。 Мен үйге қайтамын.

他的姐姐快要结婚了。 Оның әпкесі тұрмысқа шығайын деп жатыр.

Көңіл бөлетін жағдай, уақытты білдіретін толықтауыш 快, 快要 алдына қойылмайды, 要, 就要, 得, 该, 可以 алдына қоюға болады.

明天我姐姐快要结婚了。 ×

下个月我快去中国留学了。 ×

你别走, 九点就要开学了。 √

现在你可以回家了。 √

«了» модальді көмекші сөзі іс-қимыл мен жағдайдың болып кеткенін білдіреді.

Төмендегі екі диалогты салыстырайық:

你去哪儿? 你去哪儿了?

Сен қайда барасың? Сен қайда бардың?

我去商店。 我去商店了。

Мен магазинге барамын. Мен магазинге бардым.

你买什么? 你买什么了?

Не сатып аласың? Не сатып алдың?

买牛奶。 买了牛奶。

Сүт сатып аламын. Сүт сатып алдым.

Екінші бағандағы сөйлемдерден іс-қимылдың өткен шақта болғанын білуге болады.

«了» модальді көмекші сөзі зат есім мен сын есімнен кейін келсе, істің болып жатқанын немесе болашақта болатынын көрсетеді. Мысалы: 春天了。(已经是春天了) Көктем келді.

了, 还这么没礼貌。(已经是大学生了)

Студент болды, бірақ әлі мәдениетті емес. 快春天了, 该放假了。(快到春天了)

Көктем келіп қалды, каникулға шығу керек. 半个月了, 还没有他的回答。

Жарты жыл өтті, бірақ әлі одан хабар жоқ. 四十岁了, 怎么还像个孩子一样。

Қырыққа толды, бірақ әлі бала секілді.

«了» модальді көмекші сөзі сын есімнен кейін келсе, өзгерістің болғанын немесе жаңа жағдай туындағанын білдіреді. Мысалы:

他的头发白了许多。 Оның шашы ағарып

кетті.

人老了, 身体差了。 Қартайдым, денсаулығым да жақсы емес.

孩子大了, 母亲也就轻松多了。 Бала өсті, анасының қолы ұзарды.

Модальді көмекші сөз «了» айтушының бір жағдайды анықтап көрсеткісі келген жағдайда да қолданылады. Мысалы:

老师, 您走了? Оқытушы, Сіз кетіп барасыз ба?

Көмекші сөз «了» мен модальді көмекші сөз «了» омоним болып табылады. Екі көмекші сөзді қалай ажыратуға болады?

1. Баяндауыш етістік арқылы емес, сан есім, сын есім, зат есім, морфема арқылы жасалса, модальді мағынаны білдіреді, іс-қимылдың біткенін білдірмейді. Мысалы:

他好了。 Ол жақсы болып қалды.

她25岁了。 Ол 25-ке толды.

她是老人了。 Ол қартайды.

2. Баяндауыш іс-қимылды білдірмейтін етістіктер арқылы жасалса да модальді мағынаны білдіреді.

他会说中国话了。

Ол қытайша сөйлей алады.

3. Баяндауыш толықтауыш арқылы берілсе, модальді мағына иеленеді.

他吃饭了没有?

Ол тамағын ішіп болды ма? /1(139б.)/

Егер сөйлемде бірнеше етістік берілсе, «了» суффиксі соңғы етістіктен кейін қойылады.

我们听取和讨论了他做的报告。

Біз оның жазған докладын тыңдап, талқыладық.

Осындай түр кейде істің болашақта бітуін білдіреді. Болашақта бір істің бітуі екінші істің бітуіне байланысты болса, бірінші етістіктен кейін «了» суффиксі қойылады /2(27б.)/

他明天来了, 我也就来。

Егер ол ертең келсе, мен де келемін.

吃过了饭, 你一定来。

Тамақ ішіп болған соң, міндетті түрде кел.

«了» суффиксі болымсыз түрде қолданылмайды.

Модальді көмекші сөз «了» көбінесе адамның көңіл-күйін білдіреді. Мысалы:

啊, 张同志, 你也来了!

А, Чжан мырза, сен де келдің бе! (таңырқау) /3, 125/

Жәй сөйлемде екі «了»-ді қатар қолдануға болады. Бұндай жағдай толықтауыш алдынан анықтауыш келмеген жағдайда болады. Салыстырайық:

1. 你吃饭了吗? 我吃饭了。 Мен тамақ іштім.

2. 请在这儿吃饭。 谢谢, 我吃了饭了。

Мен тамақ ішіп болдым.

«了» суффиксінің қолданылуы:

1. Егер толықтауыш алдынан анықтауыш келсе, ол анықтауыш сан есім мен мөлшер сөз иеленген жағдайда:

我喝了一杯葡萄酒。

我买了很多中文杂志。

他参观了我们的宿舍。

2. толықтауыштан кейін 就 келсе:

明天我吃了饭就去看足球赛。

我参观了工厂就回家了。

3. толықтауыштан кейін 了 модальді көмекші сөзі келсе:

他吃了饭了。

我看了电影了。

4. етістікті баяндауыш алдынан пысықтауыш келсе:

他在机场给他们照了照片。

昨天他跟我们一起看了电影。

ЕСКЕРТУ:

1. белгілі бір іс-қимылды білдірмейтін етістіктерден кейін 是, 在, 象, 让, 有 қойылмайды.

2. сөйлемде бірнеше етістік болса, 了 суффиксі соңғы етістіктен кейін қойылады

Мысалы: 他去商店买了一双冰鞋。 Ол дүкенге коньки сатып алу үшін барды.

3. бір буынды етістіктер қайталанып келгенде, ортасына 了 суффиксі қойылады.

Мысалы: 她尝了尝茅台酒。 Ол Маотай арағының дәмін татып көрді /4 (328-330 б.)//

1. А.А. Драгунов «Исследование по грамматике современного китайского языка»

2. В.И. Горелов «Грамматика китайского языка»

3. О.М. Готлиб «Практическая грамматика современного китайского языка»

4. А.Ф. Кондрашевский «Практический курс китайского языка», М., 2001 г.

Берілген мақалада 了 суффиксі мен модальді көмекші сөзі 了-дің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

In this article considered the difference of suffix 了 with modal particle 了

Ш.Ж. Арымбекова

ҚЫТАЙ ПУБЛИЦИСТИКА ТІЛІНДЕГІ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Публицистика тілі көркем әдебиет тілі мен ауызекі тілден ерекшеленеді. Қытай тілі аморфты тіл болғандықтан, оның грамматикасы басқа тілдердің грамматикасынан өзгеше. Соның ішінде сөйлемді байланыстырушы конструкциялар басты орын алады. Олар конструкцияның негізгі элементтері – бастауыш пен толықтауыштың типтік мағыналарын анықтап көрсетеді.

Соңғы жылдары Қытай тез қарқынмен дамуда. Қазіргі Қытайды жақсы танып-білу үшін қытай тілін оқитын студенттер Қытай жаңалықтарын жан-жақты оқып, сараптаулары қажет. Қытай тілінде газет-журналдарды оқу осы мақсаттың негізі болып табылады. Неліктен көптеген қытай тілін оқып жатқан деңгейлері жақсы студенттер қытай әдебиетін оқи алғанымен, қытай газетіндегі қарапайым жаңалық мақалалары мен күнделікті ақпараттарды түсіне алмайды? Қытай тілін үйренушілер үшін қытай газет-журналдарын оқу оңайға соқпайды. Өйткені, баспасөз, газет тілінде, мәдени контекстер, классикалық қытай тілі, дәстүрлі білім, қытай тіліндегі жаргондар, техника тілі, жаңа сөздер, ерекше айтылымдар, қытай тіліндегі идиомалар мен поэмалар қолданылады. Сондай-ақ жаңалықтар,

ақпараттар өзгеше стильмен жазылады. Ал құрмалас сөйлемдер байланыстырушы конструкциялар арқылы жасалады. Сол үшін, студенттер құрмалас сөйлемдерді жақсы түсініп, дұрыс аудару үшін сөйлемде кездесетін конструкцияларға аса назар аударып, жақсы ажыратулары тиіс.

Қытай тіліндегі сөйлемдерде жақтаулы конструкциялар жиі кездеседі. Мұндай конструкциялардың мәні – сөйлемдегі баяндауыш пен оның негізгі элементтері арқылы бейнеленген жағдайдың жүзеге асқанын немесе белгілі бір себептермен жүзеге аспағанын көрсетеді.

在…下 конструкциясы. 下 жұрнағынан кейін келетін конструкцияның негізгі сөзі ретінде көбінесе етістіктен жасалған зат есімдер қолданылады. Конструкция әдетте жұрнақты тіркеспен аударылады:

在……影响下 - ……-ң әсерімен

在……领导下 - ……-ң басшылығымен, басқаруымен

在……支持下 - ……-ң қолдауымен

在……帮助下 - ……-ң көмегімен

Кей жағдайда 在…下 конструкциясын қазақ тіліне жұрнақты тіркес арқылы аудару мүмкін